

Статья «Отличительные особенности системы высшего образования США в условиях глобализации» выполнена в рамках научного проекта АР09058341 «Трансформация ценностей казахстанской системы высшего образования в условиях поликультурного и глобализирующегося мира».

Список использованной литературы:

1. Roger L. Geiger, *The history of American higher education: learning and culture from the founding to world war II*, Princeton University Press, 2015
2. National Center for education Statistics. *Fast facts: educational institutions*: <https://nces.ed.gov/fastfacts/display.asp?id=1122>
3. Cole, D. and Cornell, R. (ed.) *Respecting the Pupil: Essays on Teaching Able Students*, Exeter: PEA, 1981
4. Milman, N. *The flipped classroom strategy: What is it and how can it best be used*. *Distance Learning*, 9(3), 2012, p.85–87
5. Linda B. Nilson. *Teaching at its best. A Research-Based Resource for College Instructors*, John Wiley & Sons, 2016.
6. Warren Berger, Elise Foster, *“Beautiful Questions in the Classroom: Transforming Classrooms into Cultures of curiosity and inquiry*, LA, Corwin, 2020
7. Dan Rothstein, Luz Santana, *“Make Just One Change: Teach Students to Ask Their Own Questions”*, Harvard Education Press, 2011
8. Conole, G. *MOOCs as disruptive technologies: Strategies for enhancing the learner experience and quality of MOOCs*. *Revista de Educación a Distancia*. 2013, p.39
9. Daniel, J. *Making sense of MOOCs: Musings in a maze of myth, paradox and possibility*. *Journal of Interactive Media in Education*, 3. Retrieved from <https://jime.open.ac.uk/articles/10.5334/2012-18/>, 2012
10. D.Fink-Hafner, T.Dagen, M.Hafner-Fink, *Research issues in the higher education field in times of challenged globalisation*, 2022, DOI: 10.51936/tip.59.2.443-463
11. Student Mobility Fact Sheets <https://app.box.com/s/pfi5j432no2lwrwxdo9z7lyixhjw41fr/file/920339048972>
12. Liz Jackson, *Globalization and Education*, 2016. <https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190264093.013.52>
13. Pasi Sahlberg, *Finnish lessons. What can the world learn from educational change in Finland? Teachers College*, Columbia University, 2021, p.23
14. Analysis Y.He .on the Comparison Between Chinese and Western Classroom Teaching. *Proceedings of the 7th International Conference on Humanities and Social Science Research (ICHSSR 2021)*. <https://doi.org/10.2991/assehr.k.210519.012>
15. Hsueh, Y., Zhou, Z-K, Cohen, R., Hundley, R.J., Deptula, D.P., *Knowing and showing respect: Chinese and U.S. children’s understanding of respect and its association to their friendships*. *Journal of Psychology in Chinese Societies*, 6(2), 2005, p.89-120
16. National Educational Technology Plan: <https://tech.ed.gov/netp/>

FTAMP14.35.07

<https://doi.org/10.51889/8996.2022.89.58.005>

Шолтанқұлова Г.К.<sup>1\*</sup>, Утегенова М.С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астанақ., Қазақстан

**ИННОВАЦИЯЛЫҚ-БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ  
ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ  
МӘНІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ**

Аңдатпа

Қазіргі қоғам халықтың әр түрлі топтарын әлеуметтік-педагогикалық қолдау жүйесін дамытуды қажет етеді. Ол балалық шақтағы құқықбұзушылық пен жасөспірімдердің нашақорлығының артуы, компьютерлік тәуелділік пен балаларда «виртуалды» агрессияның жиіленуі, жас ұрпақта жалпыадамзат-

тық құндылықтар жүйесіне қатынасының өзгеруі (қарым-қатынас мәдениеті, толеранттылық, жанашырлық қабілеті, мұқтаж адамдарға көмекке келу ниеті) секілді мәселелердің туындауымен байланысты. Бұл мәселелерді шешу мамандандырылған мамандардың - әлеуметтік педагогтардың кәсіби көмегінсіз мүмкін емес. Сондықтан жоғары білікті, кәсіби табысты әлеуметтік педагогты дайындаудың қажеттілігі динамикалық ақпараттық және педагогикалық кеңістікті бағдарлану, инновациялық технологияларды енгізу, кәсіби іс-әрекетінде интегративті білімге дайын болуды талап етеді. Мұндай кәсіби дайындық болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби қалыптасуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл мақалада инновациялық білім беру ортасы жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби табыстылығының мәні мен құрылымы қарастырылады. Шетелдік және отандық авторлардың кәсіби табыстылығының маңызды және мазмұнды сипаттамалары жөніндегі ғылыми еңбектері талданады. Теориялық талдау, нақтылау, жалпылап, жүйелеу әдістері арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби табыстылық феноменін құрылымы мен функцияларын бірлікте қарастыру оның көп өлшемді феномен деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** инновациялық білім беру ортасы, кәсіби табыстылық, болашақ әлеуметтік педагогтар, қажеттіліктер, қабілеттер, кәсіби құзыреттілік, мотивация.

*Шолпанкулова Г.К.<sup>1\*</sup>, Утегенова М.С.<sup>1</sup>*

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева  
г. Астана, Казахстан*

## **СУЩНОСТЬ И СТРУКТУРА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ УСПЕШНОСТИ БУДУЩИХ СОЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ В УСЛОВИЯХ ИННОВАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ СРЕДЫ**

### *Аннотация*

Современное общество крайне нуждается в развитии системы социально-педагогической поддержки различных слоев населения. Современное общество нуждается в развитии системы социально-педагогической поддержки различных слоев населения. Возрастают детские правонарушения и подростковая наркомания, учащается компьютерная зависимость и «виртуальная» агрессия у детей, в молодом поколении начинает разрушаться система общечеловеческих ценностей (культура общения, толерантность, способность сопереживать, желание прийти на помощь нуждающимся). Решение этих проблем невозможно без профессиональной помощи профильных специалистов - социальных педагогов. Поэтому для решения этих проблем школам необходим высококвалифицированный, профессионально успешный социальный педагог. Будущий социальный педагог должен ориентироваться в динамичном информационном и педагогическом пространстве и быть готовым к внедрению инновационных технологий, интегративному образованию школьников. Такая профессиональная подготовка является важной составляющей профессионального становления будущих социальных педагогов. В данной статье рассматриваются контекст и структура профессиональной успешности будущих социальных педагогов в условиях инновационной образовательной среды. Анализируются научные труды зарубежных и отечественных авторов, отражающие важнейшие и содержательные характеристики профессиональной успешности. С помощью методов теоретического анализа, уточнения, обобщения и систематизации можно сделать вывод о том, что рассмотрение феномена профессиональной успешности будущих социальных педагогов в единстве структуры и функций позволяет показать его многомерность.

**Ключевые слова:** инновационная образовательная среда, профессиональная успешность, будущие социальные педагоги, потребности, способности, профессиональная компетентность, мотивация.

*Sholpankulova G.<sup>1\*</sup> Utegenova M.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University,  
Nur-Sultan, Kazakhstan*

## **THE ESSENCE AND STRUCTURE OF THE PROFESSIONAL SUCCESSFULNESS OF FUTURE SOCIAL CARE TEACHERS IN THE CONTEXT OF THE INNOVATIVE EDUCATIONAL ENVIRONMENT**

*Abstract*

Modern society is in dire need of developing a system of social and pedagogical support for various segments of the population. Child delinquency and teenage drug addiction are on the rise, computer addiction and “virtual” aggression in children are becoming more frequent, the system of universal human values (culture of communication, tolerance, ability to empathize, desire to help those in need) begins to collapse in the younger generation. The solution of these problems is impossible without the professional help of specialized specialists - social educators. Therefore, to solve these problems, schools need a highly qualified, professionally successful social teacher. The future social teacher should navigate the dynamic information and pedagogical space and be ready for the introduction of innovative technologies, integrative education of schoolchildren. Such professional training is an important component of the professional development of future social educators. This article examines the context and structure of the professional success of future social educators in an innovative educational environment. The scientific works of foreign and domestic authors are analyzed, reflecting the most important and meaningful characteristics of professional success. Using the methods of theoretical analysis, clarification, generalization and systematization, we can conclude that considering the phenomenon of professional success of future social teachers in the unity of structure and functions allows us to show its multidimensionality.

**Keywords:** innovative educational environment, professional success, future social educators, needs, abilities, professional competence, motivation.

**Кіріспе.** Қазіргі жағдайда еліміздегі жаңғырту процестері тұрақты даму моделін іске асыруға бағдарлана отырып, қоғамдық қатынастардың барлық салаларын қамтиды. Бұл процесте қазіргі заманғы ортада белсенді өмір сүруге мен белсенділікке қабілетті білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік институттарының біріне саналатын білім беру жүйесіне ерекше рөл беріледі.

Қазақстандық ЖОО-ның бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында «жоғары оқу орнының табыстылығын бағалаудың басты өлшемі түлектердің жұмыспен қамтылуы мен жалақысы жоғары жұмысқа орналасуы» - деп белгіленуі инновациялық-білім беру ортасы жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби табыстылығын қалыптастырудың қажеттілігін айқындай түседі [1].

Білім беру парадигмасының субъективті бағыттылығы, білім беруді дамытудың инновациялық стратегиялық нұсқаулары, педагогикалық қызметкерлердің кәсіби қызметінің жаңа өзгерістері тиісті пәндік саладағы терең білімі мен дағдысымен қатар, әлеуметтік-мәдени ортадағы табысты мінез-құлық үлгілеріне, педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру үдерісіндегі танымдық және мінез-құлық модельдерінің өзгеріштігіне дайындығын көрсетеді. Бұл үдерісте болашақ педагог әлеуметтік тәжірибені жеткізушіден және білімді «репродуктордан» белсенді түрде әлеуметтенудің субъектісі мен агентіне айналады, ол оқушылардың даралығын ашуға, жеке әлеуетін өзін-өзі дамытуға бағыттайды.

Осы орайда болашақ әлеуметтік педагог педагогикалық инновацияларды енгізуге және педагогикалық іс-әрекеттің бағыттарын құруға еркін болуы, әлеуметтік және кәсіби кеңістікте тұрақты болуы, бәсекеге қабілеттілік пен кәсіби табысқа ие болуы тиіс.

Заманауи қоғамның өзгерісі кәсіптік білім беруді жаңғыртуға заңды түрде себептігін тигізуде. Білім беру жүйесі іске асырылуда адам қызметінің барлық салаларында мамандардың кәсібилігі мен табыстылығын арттыру өзекті болып отыр. Осы орайда қазіргі инновациялық-білім беру ортасы жағдайында кәсіби табыстылықтың мәні мен құрылымын зерттеу ерекше көкейкесті болып табылады. Мемлекетке жаһандық мәселелерді шешу үшін табысты педагогтар қажет, өйткені олар инновациялық идеяны таратушылар болып табылады.

С.С. Корнеевтың пікірінше, адам құндылықтар әлемінде өмір сүреді. Құндылықтар әлемі – бұл сөздің кең мағынасында мәдениет әлемі, бұл адамның рухани іс-әрекетінің саласы, оның адамгершілік санасы, оның байланыстары – адамның рухани байлығының өлшемі көрсетілген бағалар. Құндылық – бұл адамның қажеттіліктерінің мәні. Адамның тіршілік әрекеті «қажеттілік күйлер фазаларының үнемі өзгеруімен, осы фазалардың бір-біріне ауысуымен» бірге жүреді. Қажеттілік – кез-келген өмірдің ішкі ынталандыруы. Сонымен қатар, іс-әрекет субъектісінің оның өмір сүруінің қажетті жағдайларына қатынасы, бастапқы, негізгі қажеттіліктерді қанағаттандырмай, биологиялық немесе әлеуметтік ағзаның болуы мүмкін емес. Автор сөздің бұл мағынасында тұтынушылық – қажеттіліктің көрінісі. Қажеттіліктер адам қызметінің жалғыз ынталандырушысы емес. Бірақ ынталандырудың барлық жиынтығының ішінде

олар ерекше рөл атқарады, бүкіл ынталандыру жүйесінің дұрыс нүктесі ретінде әрекет етеді, алдымен субъектінің қажетті құралдары мен өмір сүру жағдайларына бағытталған деп есептейді [2, 304 б.]

Жалпы қажеттіліктер күрделі әлеуметтік құбылыс бола отырып, психологиялық ғылымында жүйелі түрде зерттелінген мәселе. А.А. Краузе өз еңбегінде белгілі психолог А.Маслоу жасаған қажеттіліктердің жіктелімі (физиологиялық қажеттіліктер; қорғауға, қауіпсіздікке қажеттілік; әлеуметтік байланыстарға, махаббатқа, араласуға қажеттілік; қол жеткізуге, тануға, мақұлдауға қажеттілік; өзін-өзі көрсету, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін іске асыру, түсіну және пайымдау қажеттілігі) белгілі дей отырып, соңғы қажеттілік ең жоғары, «өзін-өзі тану қажеттілігі» деп аталуын былайша түсіндіреді: өзін-өзі тану принципі өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысты, дәлірек айтқанда, әлеует ретінде бар нәрсені жандандыру тенденциясын білдіреді. Бұл бейімділікті адамның барған сайын өздігінен болуға ұмтылуы деп атауға болады. Кез-келген қажеттілікті қанағаттандыру міндетті түрде қуанышпен, ләззатпен, жағымды эмоциялармен бірге жүреді. Өзін-өзі тану қажеттілігі ерекшелік қана емес, сонымен қатар оның дәлелі. Негізгі өмірлік мақсатқа деген кез-келген көзқарас адамда өмірдің шынайылығы мен толықтығын сезінеді, бұл өз кезегінде қозғалысқа жаңа күш береді. Жоғары қажеттіліктерді қанағаттандыру өз нәтижесінде тілектерді жүзеге асыру және жеке тұлғаны дамыту болып табылады, көбінесе бақыт, қуаныш әкеледі және ішкі әлемді байытады. Жасампаздық қажеттілігі – адамның ең маңызды қажеттілігі, оның ішінде өзін тұлға ретінде құру [3, 14 б.].

Психология мен философияда адамның ең толық, белсенді өзін-өзі жүзеге асыруы, оның қабілеттерін, білімін, дағдыларын анықтауы және ашуы адам өмірінің мақсаты мен мәні болып саналады. В.Франкл адам өмірінің пайдалылығын адамның «өзінен тыс», ең бастысы – белгілі бір әрекетте және оның бүкіл өмірінде жаңа мағыналар табу қабілеті арқылы анықтайды. Л.Н. Коган өзін-өзі тану дәрежесі «адамның табысты өмір жолының, өмірінің құндылығының, тағдырының басты өлшемі» деп жазады [3, 16 б.].

Адам мінез-құлқының мәні – өмір барысында өзінің туа біткен әлеуетін іске асыруға, олардың дарындылықтары мен қабілеттерін толық пайдалануға және дамытуға деген ұмтылыс. Сонымен қатар, «өмір жолының әрбір нақты кезеңі жеке тұлғаның өзін-өзі тануының жаңа кезеңі болуы маңызды» [3, 17 б.].

Дәл осы қызметте жеке тұлғаның қалыптасуы, оның өзін-өзі тануы жүзеге асады, оның даралығы қалыптасады, әлемге, қоғамға, өзіне қарым-қатынас жүйесі дамиды. Ішкі күш ретінде қажеттілік тек іс-әрекетте жүзеге асырылуы мүмкін. А.Н. Леонтьевтің пікірінше, адам өмірі – «жиынтық, дәлірек айтқанда, бір-бірін алмастыратын әрекеттер жүйесі». Адам өмірінің мәні – оның маңызды күштерін әлеуметтік қызмет негізінде жүзеге асыру. Жеке тұлғаның әлеуметтік іс-әрекетінің алуан түрлерінің ішінде субъект қызметінің негізгі формасын құрайтын кәсіби тұлға ерекше орын алады. Ол адам өмірінің маңызды бөлігіне арналған. Адамдардың көпшілігі үшін дәл осы қызмет түрі олардың қажеттіліктерінің барлық спектрін қанағаттандыруға, қабілеттерін ашуға, өзін тұлға ретінде көрсетуге және белгілі бір әлеуметтік мәртебеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. А.Маслоу: «Өзін-өзі тану жұмысын мағыналы жұмысқа деген құмарлық арқылы жақсартуға болады» [4, б.59].

Шығармашылық құндылықтар адамның өмірлік міндеттерінің алдыңғы қатарында тұрса, ол оны өз жұмысының барысында жүзеге асырады. Әдетте, еңбек – бұл даралық қоғамға қатысты көрінетін және осылайша мән мен құндылыққа ие болатын сала.

В.Н. Рогожникова өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігі еңбек қажеттілігімен тығыз байланысты. Бұл қажеттілік еңбек мәні бойынша шығармашылық болған кезде айқын көрінеді. Мұндай еңбекте адамның шығармашылық мүмкіндіктері, оның жеке басының бірегейлігі ашылады; бұл еңбекте адам ең алдымен өзін-өзі жүзеге асырады. Өзін-өзі растаудың әртүрлі жолдары бар. Бірақ адам өзін-өзі тану мен үйлесімділіктің максималды толықтығын қамтамасыз ете алатын бір ғана жол бар: жұмысқа шығармашылық көзқарас. Бұл жол бірінші өмірлік қажеттілік ретінде өз жұмысына деген қатынастан басталады. Еңбек – бұл шығармашылық пен жасампаздықтың, сыртқы әлемнің өзгеруі мен өзін-өзі өзгертудің шығармашылық әрекеті, сондықтан еңбек өзін-өзі танудың негізі болуға, өзін-өзі танудың және өзін-өзі шынайы танудың негізгі әдісі болуға арналған. адамның әлемдегі растауы. Осылайша, «еңбектің ең жоғары құндылығы – бұл еңбек пен еңбек арқылы адамзат өмірінің объективті мәні – қызмет пен еркіндіктің әмбебаптығы, сондай-ақ әр адам өмірінің мәні-өзін білдіру қажеттілігі». Адамның өзін-өзі іс жүзінде көрсету тәсілі ретінде еңбек құндылығын түсінумен байланысты [5, 9 б.].

Педагогикалық еңбек табиғаты бойынша шығармашылық болып келеді. Бұл педагогке өзін-өзі тануға толық мүмкіндік береді. Бұл адамның өмірін педагогикалық кәсіппен байланыстыруы керек екеніне кепілдік емес, тек мүмкіндік береді-және ол өзін-өзі жүзеге асырудан эмоционалды қанағат сезінеді.

Кез-келген кәсіби салада өзін-өзі жүзеге асыру үшін көп күш салу қажет. Жұмыс өздігінен адамды қажет және алмастырылмайтын етіп жасамайды, тек оған осындай болуға мүмкіндік береді. В.Франкл: «...Бұл адамның атқаратын жұмысы емес, бұл жұмысты қалай жасайтыны маңызды, мамандығымызға емес, жеке басымызды құрайтын және осылайша өмірімізді мағынамен толтыратын жеке ерекшеліктер жұмысымызда өз көрінісін таба ма, бұл өзімізге байланысты» [6, 233 б.].

Осылайша, өзін-өзі жүзеге асыру қажеттілігі кәсіби жетістіктерге қажеттіліктен ажырамайды. «Еңбектегі табыстылық – адамның жеке басын қалыптастырудың бірінші шарты. Бұл ішкі жайлылық, іс жүріп жатқан кездегі көңілді көңіл-күй». Кәсіби табыстылық – қызмет тиімділігінің өлшемі.

Осыған байланысты, біздің ойымызша, табыстылық идеясы тиімділік идеясына өте жақын. Қандай қызмет тиімді?

Біріншіден, тиімді қызмет, оның нәтижелері бұрын қойылған мақсаттарға сәйкес келеді. Бұл нәтижелер мақсаттарға қаншалықты сәйкес келсе, соғұрлым тиімді, сондықтан табысты болса, қызметті бағалауға болады. Қызметтің бұл аспектісі «тиімділік» ретінде анықталуы мүмкін, ең аз шығындармен және күш, уақыт, материалдық, қаржылық және басқа құралдардың шығындарымен нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін тиімді. Шығындар неғұрлым аз болса, қызмет соғұрлым тиімді және табысты болады. Бұл аспектіні «үнемділік» деп атауға болады. В.И. Бакштановский мен Ю.В. Согомонов: «егер нәтижеге қол жеткізілсе және ең аз күш жұмсалса, әрекетті табысты деп бағалауға болады. Оның үстіне – қосымша, жоспарланбаған оң нәтиже алған жағдайда» [7, 164 б.].

Екіншіден, мақсаттардың тиімділігі туралы айту керек – олар нақты қажеттіліктерге қаншалықты сәйкес келеді, нақты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Тиімді және үнемді, бірақ сұранысқа ие болмаса да, тиімді қызмет ретінде қарастыруға болмайды. Егер біз тиімділік пен табыстылық идеяларының арасындағы байланысты мойындайтын болсақ, онда табыстылықтың бағалау мазмұнының үш аспектісі туралы айтуға болады: табыс – бұл жетістік: нақты мақсаттарға қол жеткізумен байланысты тиімді қызмет қана табысты бола алады. Бұл мақсаттарға неғұрлым көп қол жеткізілсе, соғұрлым бұл қызмет табысты болады; белсенділік неғұрлым табысты болса, соғұрлым ол уақытқа, күштерге және басқа құралдарға қатысты оңтайлы болады; оңтайлылық – қатысушылардың уақыты мен күш-жігерінің ең аз шығынымен осы жағдайларда ең жақсы нәтижеге қол жеткізу [8, 76 б.].

Үшіншіден, адамның нақты қажеттіліктеріне сәйкес келетін, оларды жүзеге асыруға бағытталған іс-шаралар ғана табысты бола алады. Тиімділік – алынған нәтижелердің қойылған міндеттерге сәйкестігі. Л.В. Скворцов: «Қызметтің нәтижелері – бұл адамның жалғасы, сондықтан ол осы нәтижелерге сүйіспеншілікпен қарайды. Өз еңбегінің тиімділігіне қол жеткізу және оны бағалау мүмкіндігі, сондай-ақ оның жұмысының тиімсіздігін түсіну және ондағы әлсіз жерлерді жою қабілеті» маманның кәсіби құзыреттілігін сипаттайды [9, 49 б.].

Көріп отырғанымыздай, педагогтардың кәсіби табыстылығының маңызды сипаттамаларын ашудың теориялық негізін ережелер мен идеялардың белгілі бір жиынтығы құрайды.

Т.И. Гончарованың пікірінше, педагогикалық табыстылығының маңызды көрсеткіші педагогтің кәсібилігі, ол маңызды дидактикалық категориялардың бірі, мамандық негіздерін меңгеруді, ғылым мен практикада белгілі әдістерді табысты қолдануды білдіреді. Педагогтың кәсібилігі іргелі ғылыми біліміне, педагогикалық қызметке эмоционалдық және құндылық қатынасына, педагогикалық еңбек технологиясына, мәдени және білім беру міндеттерін шығармашылықпен шешуіне негізделген [10, 66 б.].

Шеберлік – бұл қол жеткізуге болатын нәрсе. Ғалымдар (Н.В. Кузьмина, В.А. Кан-Калик) педагогтың педагогикалық шеберлік деңгейі жұмыс тәжірибесін ғана емес, оның негіздерін меңгеруде шығармашылық педагогикалық жеке тұлға ретінде қалыптасуының маңыздылығын көрсетеді. Осыдан кейбіреулері кәсіби табыстылықты кәсіби субмәдениеттің негізгі сипаттамасы ретінде қарастырады. Сонымен бірге, кәсіби табыстылық негізінен, табыс нәтиже, кәсіби іс-әрекеттің бастапқы мақсаты ретінде ұсынылады.

Сонымен ғалымдар көзқарастары кәсіби табыстылықтың әлеуметтік және тұлғалық маңыздылығы оны адамның жеке және әлеуметтік құндылығы ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Егер, маман табыстың құндылығын түсінбесе, ол мұны жеке немесе ұжымдық табыстылық ретінде емес, қарапайым нәтиже ретінде қабылдайды. Бұл жағдайда нәтиже оны «мүмкіндігінше» алаңдатады, бірақ үлкен нәтижеге жетуге ынталандырмайды. Егер педагогқа нәтиже құнды болып көрінсе, ол нәтижеге ұмтылады.

С.Д. Якушеваның пікірінше, құндылық – бұл қоршаған өмірдің элементтері арасында ерекше маңызды нәрсе. «Құндылық адамдардың сезімдері бәрінен жоғары тұруды талап етеді, оған ұмтылу, ойлану, құрметпен қарау, тану, құрметтеу қажет. Құндылық – бұл кез келген заттың меншігі емес, мәні, сондай-ақ объектінің толық өмір сүруінің шарты» [11, 507 б.].

В.В. Козлов «құндылықты» «қоғамның әлеуметтік-мәдени даму үдерісінде қалыптасқан және қоғам мүшелерінің көпшілігі қабылдаған қалаулы идея» ретінде анықтайды. Әрбір адам өзінің құндылықтар әлемін құрады. Кәсіби құндылықтар өмірлік маңызы бар бағыттар құрылымында маңызды орын алады. Кәсіби құндылық бағдары – бұл жеке тұлғаның ішкі мәдениетінің элементі, ол оның әлеуметтік маңызды еңбек құндылықтарына және кәсіби қызметтің белгілі бір компоненттеріне субъективті қатынасын білдіреді [12, 34 б.].

Кез-келген кәсіп адам үшін маңызды құндылықтардың бірі, ол айналысатын іс-әрекеттегі жетістік, кәсіби құндылық - педагогикалық жетістік. Педагогтардың көпшілігі қызметтің қарапайым нәтижесінен гөрі құндылыққа ұмтылатыны байқалады. Сондықтан, қазіргі педагогтар арасында құндылық-семантикалық, қажеттілік-уәждемелік және эмоционалды-еріктік деңгейлерінде кәсіби табысқа ұмтылыс қалыптасса, онда кәсіби ізденістер мен ашылуларға қажеттілік тұрақты болады.

Сонымен кәсіби өзін-өзі тануды дамыту барысында кәсіби табыстылық феноменін құндылық-семантикалық сезіну педагогикалық шеберліктің алғышарты болып табылады және ол өз кезегінде педагогтың кәсіби табыстылығының негізінде жатыр.

Біздің пікірімізше, кәсіби табыстылық жоғары оқу орны түлегін кәсіби іс-әрекетке жүйелі дайындаудың интегративті өлшемі ретінде тұлғалық және кәсіби маңызды әртүрлі бағыттағы іс-әрекет түрлерінде (оқу, оқу-кәсіби, ғылыми-зерттеушілік, волонтерлік, оқудан тыс, әлеуметтік-мәдени) қойылған мақсатқа жетуге қажетті қабілеттіліктер жүйесін айқындайды [13, 390 б.].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, ғылыми әдебиеттерді жан-жақты талдау және жалпылау негізінде кәсіби табыстылыққа жетудің жетекші факторы болашақ кәсіби іс-әрекетке ынталандыру деп тұжырымдалады.

**Материалдар және әдістер.** Сондықтан мақалада мотивация мен табыстылықтың өзара байланысы, эмпирикалық зерттеудің нәтижелері ұсынылады. Зерттеудің мақсаты мотивация мен табыстылықтың өзара байланысын зерттеу, жоғарғы курсқа өту кезінде студенттердің мотивациясының өзгеретінін анықтау болып табылады.

Зерттеуге Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Павлодар педагогикалық университетінің 6В01823- «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын 1-4 курс студенттері (жалпы саны – 70) қатысты.

Мақалада инновациялық-білім беру ортасы жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби табыстылығының мәні мен құрылымын ашып көрсетуде қарастылып отырылған мәселені теориялық-әдіснамалық тұрғыдан негіздеуде (психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау, контент талдау, жалпылау, салыстыру) және эмпирикалық (сауалнама) әдістерімен қатар алынған деректерді сапалық және сандық өңдеу әдістері қолданылады.

Педагогтың табыстылығы күрделі интегративті сапа, жаңадан пайда болған түрлерінің маңызды сипаттамаларын анықтау оның мәні мен құрылымын негіздеудің бірқатар арнайы қағидаттарын қамтиды:

- педагогтың кәсіби табыстылығының құндылық-мағыналық, қажеттілік-уәждемелік және эмоционалды-еріктік факторларын кіріктіру қағидаты;
- кәсіби шеберлік пен табыстың жүйелі айқындылық қағидаты;
- педагогтың тұлғалық және кәсіби даму бірлігі қағидаты;
- құбылыстың даму кезеңдерін оны ұйымдастырудың құрылымдық деңгейлеріне және одан әрі дамытушы өзара әрекеттесудің функционалдық кезеңдеріне айналдыру қағидаты;
- педагогикалық қызметтің шығармашылық сипаты қағидаты;
- педагогикалық жүйелерді теориялық модельдеу қағидаты. Бұл қағидаттар педагогикалық құбылыстардың жетекші заңдылықтарын, олардың негізгі байланыстары мен тәуелділіктерін зерттеуге, функционалды күйлердің өзгергіштігін дәлірек сипаттауға, қозғалыс логикасы мен үрдістерін, зерттелетін объектінің динамикалық аспектісін зерттеуге мүмкіндік береді.

**Нәтижелері.** Зерттеу барысында Т.Элерстің табысқа жетуіне түрткі болатын тұлғаны диагностикалау әдістемесі қолданылады. Бұл 41 (қырық бір) жабық сұрақтан тұратын сауалнама. Табысқа жетудің төрт деңгейі ерекшеленеді:

- табысқа жетудің төмен мотивациясы;
- мотивацияның орташа деңгейі;
- мотивацияның жоғары деңгейі;
- табысқа жетудің тым жоғары деңгейі.

Табысқа жетудің мотивация деңгейі	Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті		Павлодар педагогикалық университеті	
	1-2 курс	3-4 курс	1-2 курс	3-4 курс
Төмен деңгей	-	25%	5%	18%
Орташа деңгей	32%	35%	31%	42%
Жоғары деңгей	50%	30%	45%	30%
Тым жоғары деңгей	18%	10%	19%	10%

Кестеде көрсетілгендей, диагностика нәтижелері бойынша 3-4 курс студенттерінде мотивацияның орташа деңгейі басым, яғни олар тәуекелдің орташа деңгейін қалайды деп айтуға болады. Сондай-ақ, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Павлодар педагогикалық университетінің 3-4 курс студенттерінің кейбірінде сәтсіздіктерден қорқу бар, олар тәуекелдің аз немесе керісінше тым жоғары деңгейін қалайды, бірақ 1-2 курс студенттері мотивацияның жоғары деңгейі басым болды, яғни адамның табыстылыққа - мақсатқа жетуге деген ынтасы неғұрлым жоғары болса, соғұрлым тәуекелге дайындық төмен болады.

Университеттерде әртүрлі курстардың студенттерінде болып жатқан өзгерістерді жас ерекшеліктерімен түсіндіруге болады. Мұнда психологтардың (А.Реан, Н.Бордовская, т.б.) кіші және жоғары курс студенттерінің психологиялық сипаттамаларының көріністерін түсіндіру факторлары ескеріледі: оқу үдерісінде студенттердің психологиялық ерекшеліктері үнемі өзгеріп отырады; 1-2 курс студенттері кәсіби және оқу құндылығының жоғары көрсеткіштерімен сипатталады, кәсіптік тұрғыдан емес, әлеуметтік маңызды ретінде оқытудың құндылығы туралы түсініктері қалыптасады. 3 курста оқу белсенділігінің төмендеуі байқалады. Кәсіби танымдық мотивтер, оқу белсенділігі мен жетістіктері төмендейді, назар аударма синдромы пайда болады. Кәсіби іс-әрекеттегі қиындықтардың себебі – кәсіби құзыреттіліктің қалыптаспауы, дағдылардың болмауы, болашақ кәсіби іс-әрекеттен қорқу, тәжірибенің жоқтығы, т.б. Өз мамандығын бейсаналық түрде таңдаған студенттерде болашақ кәсіби іс-әрекеттің мәнін түсінбестен, оқудағы жетістіктерге, мансаптық ұмтылыстарға, көңілсіздікке әсер ететін өкініш сезімі пайда болады. Бұл мотивация мен оқытудың табыстылығы арасындағы байланысты одан әрі зерттеудің перспективасын көрсетеді.

**Талқылау.** Инновациялық білім беру ортасы жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби табыстылығының мәні мен құрылымы қарастырылды. Кәсіби табыстылығының маңызды және мазмұндық сипаттамасын зерттеген шетелдік және отандық ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жасалды.

Н.В. Самоукина кәсіби іс-әрекеттің табыстылығы, ең алдымен тұлғалық және кәсіби, субъективті маңызды және кәсіби сұранысқа ие мақсатқа қол жеткізумен немесе оған қол жеткізуге кедергі келтіретін факторларды жеңумен анықталады дей отырып, педагогтың кәсіби табыстылығын, бір жағынан, қоғамның мақұлдаған кәсіби қызмет нәтижесін әлеуметтік-кәсіби орта тарапынан кәсіпті тануды көздейтін сыртқы білім ретінде қарастырады. Екінші жағынан, кәсіби табыстылықты педагогтің өзін педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі ретінде тануға, қалыптасқан кәсіби құзіреттілік негізінде педагогикалық тәжірибені тиімді таратуға қабілетті, таңдау еркіндігіне негізделген рөлдік мінез-құлықтың жаңа модельдерін жүзеге асыруға дайын, шешім қабылдау үшін жауапкершілік, қолайсыз экологиялық факторлардың әсеріне төзімділік ретінде зерттейді [14, 217 б.].

А.Қ. Рысбаева «іс-әрекеттің табыстылығын» білім беру, оқыту, тәрбие, әлеуметтендіру секілді негізгі категориялармен тығыз байланыста ашып көрсетеді. Автордың тұжырымдауына табыстылық ХХІ ғасырдағы педагогика ғылымының басты категориясы болып табылады [15 б.].

А.М. Усенова «әлеуметтік табыстылық» ұғымын философиялық, психологиялық-педагогикалық, гедонистік, аскеттік, интегративтік, субъективтік-объективтік категория ретінде бөліп қарастырады [16, б.31].

Е.В. Ерофеева «кәсіби табыстылық – бұл оң педагогикалық нәтижемен, осы іс-әрекеттің нысандарын терең білумен, нақты кәсіби іс-әрекеттер мазмұнының еңбек нәтижелеріне, өзіндік субъективті сипаттамаларға, өзін-өзі бағалауға және жұмысқа деген көзқарасқа сәйкес келуімен бірге жүретін кәсіби іс-әрекетті орындау тәсілі», - деп тұжырымдайды [17, 5 б.].

«Кәсіби-педагогикалық табыстылық» ұғымы онтологиялық және гносеологиялық тұрғыдан «педагогикалық іс-әрекет» ұғымымен байланысты. Сондықтан «іс-әрекет» санатын кәсіби табысты түсінудің

және талдаудың кілті ретінде таңдадық. Кәсіби табыстылықтың мәнін анықтау және түсіну үшін бұл жеткіліксіз. Біздің пікірімізше, табыстылықтың мәнін сипаттауда педагог болудың тек белсенді және технологиялық аспектілерін қолдану шектеулі, бірақ бұл маманның өз іс-әрекетін жүзеге асыруда қандай деңгейде табысты екенін түсінуге мүмкіндік бермейді.

Теориялық талдау, нақтылау, жалпылап, жүйелеу әдістері арқылы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби табыстылық феноменін құрылымын функциялардың бірлігінде қарастыру оның көп өлшемділігін көрсетуге мүмкіндік береді деген қорытынды жасауға болады.

**Қорытынды.** Болашақ әлеуметтік педагогтың кәсіби табыстылығының құрылымдық элементтері оның мәнін тек өзара байланыста ашады. Оның танымдық және эмоционалдық-еріктік салалары кәсіби табыстылығының құрылымын құрайтын компоненттердің бірлігі ойлау мен педагогикалық іс-әрекеттің жаңашылдығын қамтамасыз етеді, бұл оның ерекше кәсіби тәжірибесін жандандыруға ықпал етеді. Элементтердің тұтас жиынтығы ретінде кәсіби табыстылық үнемі дамып келеді. Оның даму динамикасы педагог әлеуетінің субъективті мазмұндық және сапалық сипаттамасымен түсіндіріледі.

Кәсіби табыстылық – бұл педагогтың кәсіби өмірінің эволюциясында өмір салтын анықтайтын микроәлеуметтік фактор, алайда педагогикалық кәсіптің әлеуметтік рөліне байланысты макроәлеуметтік фактордың да маңызы бар. Педагогтың кәсіби табыстылық феноменін құрылым мен функциялардың бірлігінде қарастыру оның көп өлшемділігін көрсетеді.

Кәсіби табыстылыққа ұмтылуды қалыптастыру механизмі, келесі модельмен ұсынылуы мүмкін:

- педагогикалық мамандыққа оң негізделген көзқарасты қалыптастыру;

- тұлғаның педагогикалық бағытын дамыту;

- кәсіби-педагогикалық табыстылықтың құндылығын дамыту. Табысты маманның қалыптасуы оның жеке басының танымдық саласын дамытудан басталады. Педагогикалық іс-әрекетке деген көзқарас мотивациялық-семантикалық болса, адамның педагогикалық бағыты дамиды, содан кейін мамандықтағы табыстылыққа тұлғалық, әлеуметтік құндылық ретінде қабылдау қалыптасады.

Сондықтан кәсіби табыстылықтың мәні мен құрылымын эмпирикалық шындықтың бір түрі ретінде ұсынуға және сипаттауға болады, «ішкі тәжірибесінде» тікелей көрінетін, практикалық іс-әрекетін болжаумен сипатталады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауы.

2. Корнеев С.С. Психологическое обеспечение профессиональной деятельности: учебное пособие для бакалавриата и специалитета. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2019. – 304 с.

3. Краузе А.А. Проблема ценностей в контексте современной субъектности // Вестник Пермского государственного гуманитарно-педагогического университета. Серия № 3. Гуманитарные и общественные науки. – М.: Мысль 2019 – С. 5-18

4. Abulof U. Introduction: Why we need Maslow in the twenty-first century // Society. – 2017. – Т. 54. – №. 6. – С. 508-509.

5. Рогожникова В.Н. Философия труда: в поисках свободы и смысла. Научные исследования экономического факультета. Электронный журнал. 2017; 9(4): 79-90.

6. Лэнгле А. Человек в поисках смысла. Психология. Журнал Высшей школы экономики, 2(2), 2017. – С.55-64.

7. Бақитановский В.И. Этика успеха: идея → доктрина → исследовательская концепция (предыстория проекта «Возвращение этики успеха») // Ведомости прикладной этики. 2016. Выпуск 49. – С. 110-136.

8. Митина Л. Психология личностно-профессионального развития субъектов образования. – М.: Нестор-История, 2021. - 308 с.

9. Скворцов Л. В. Культура самосознания. Человек в поисках истины своего бытия. – М.: Политиздат, 2019. - 319 с.

10. Гончарова Т.И. Уроки истории - уроки жизни. – М.: ЧеРо, 2017. – 230 с.

11. Якушева С.Д. Основы педагогического мастерства и профессионального саморазвития. – М.: Неолит, 2017. – 416 с.

12. Козлов В.В. Движение за развитие человеческого потенциала. – Ярославль, РПФ «Титул», 2017. – 198 с.



13. Шолпанкулова Г.К., Саудабаева Г.С. Болашақ мамандардың кәсіби табыстылығын дамытудың педагогикалық шарттары //Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршы ғылыми журналы. Гуманитарлық ғылымдар сериясы. №3 (118) 2017, II бөлім. – Б.386-390.
14. Самоукина Н.В. Психология и педагогика профессиональной деятельности. Учебник. – М.: Ассоциация авторов и издателей «ТАНДЕМ», 2018.
15. Рысбаева А.К. Успешность деятельности как категория педагогики. Монография. – Алматы, 2014. – 266с.
16. Усенова А.М. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің әлеуметтік табыстылығын дамыту: филос. (PhD) док. дис. – Алматы, 2016. – 198 б.
17. Ерофеева М.А. Формирование гендерной компетентности студентов в условиях образовательного кластера вуза // UK Academy of Education: scientific magazine № 4-1 (30-1). 2019. – С. 19-31

#### References

1. «Qazaqstandıqtardıñ äl-awqatınıñ öswi: tabıs pen turmıs sapasın arttırıw» Qazaqstan Respwblıkası Prezidentiniñ 2018 jılǵı 5 qazandaǵı Joldawı.
2. Korneyenkov. S. S. Psikhologicheskoye obespecheniye professionalnoy deyatelnosti: uchebnoye posobiye dlya bakalavriata i spetsialiteta. - 2-e izd. ispr. i dop. – Moskva: Izdatelstvo Yurayt. 2019. - 304s.
3. Krauze A.A. Problema tsennostey v kontekste sovremennoy subyektnosti. Vestnik Permskogo gosudarstvennogo gumanitarno-pedagogicheskogo universiteta. Seriya № 3. Gumanitarnyye i obshchestvennyye nauki. – M.: Mysl 2019 – S.1-18.
4. Abulof U. Introduction: Why we need Maslow in the twenty-first century //Society. – 2017. – T. 54. – №. 6. – S. 508-509.
5. Rogozhnikova V.N. Filosofiya truda: v poiskakh svobody i smysla. Nauchnyye issledovaniya ekonomicheskogo fakulteta. Elektronnyy zhurnal. 2017;9(4):79-90.
6. Lengle. A. Chelovek v poiskakh smysla. Psikhologiya. Zhurnal Vysshey shkoly ekonomiki. 2(2). 2017. – S. 55-64.
7. Bakshtanovskiy V.I. Etika uspekha: ideya → doktrina → issledovatel'skaya kontseptsiya (predystoriya proyekta «Vozvrashcheniye etiki uspekha») // Vedomosti prikladnoy etiki. 2016. Vypusk 49. – S. 110-136.
8. Mitina L. - Psikhologiya lichnostno-professionalnogo razvitiye subyektov obrazovaniya- M.; SPb.: Nestor-Istoriya 2021. - 308 s.
9. Skvortsov L. V. Kultura samosoznaniya. Chelovek v poiskakh istiny svoego bytiya. - M.: Politizdat. 2019. - 319 s.
10. Goncharova T. I. Uroki istorii - uroki zhizni-M.: CheRo. 2017. - 230 s.
11. Yakusheva S.D. Osnovy pedagogicheskogo masterstva i professionalnogo samorazvitiya. - M.: Neolit. 2017. - 416 s.
12. Kozlov V.V. Dvizheniye za razvitiye chelovecheskogo potentsiala. –Yaroslavl. RPF «Titul». 2017 – 198 s.
13. Şolpankwlova G.K., Sawdabaewa G.S. Bolaşaq mamandardıñ käsibi tabıstılıǵın damıtwdıñ pedagogikalıq şarttarı//L.N.Gwmilev atındaǵı Ewraziya ulttıq wñiversitetiniñ Xabarşı ǵilimı jwrnalı. Gwmanıtarlıq ǵilımdar seriyası. №3 (118) 2017, II bölım. - B.386- 390.
14. Samoukina N.V. Psikhologiya i pedagogika professionalnoy deyatelnosti. Uchebnik. M.: Assotsiatsiya avtorov i izdateley «TANDEM». Izdatelstvo EKMOS. 2018. -217 s
15. Rysbayeva A.K. Uspeshnost' deyatel'nosti kak kategoriya pedagogiki. Monografiya. – Almaty, 2014. – 266s.
16. Usenova A.M. Bolaşaq bastawış sınp muǵalimderiniñ älewmettik tabıstılıǵın damıtıw: filos. (PhD) dok. dis. – Almatı, 2016. – 198b.
17. Erofeyeva M.A. Formirovaniye gendernoy kompetentnosti studentov v usloviyakh obrazovatel'nogo klastera vuza // UK Academy of Education: scientific magazine № 4-1 (30-1). 2019. S. 19-31